

FTAMP 16.01.45

М.С. Жолшаева¹, А.Н. Елемесова²

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

КИНО МАТЕРИАЛДАРЫ – ОҚУ МАҚСАТТАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ БІР ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада кино материалдарын оқу мақсаттарын жүзеге асырудың бір құралы ретінде қарастырылады. Кино – көрнекі қозғалмалы бейнелер жасауымен қазіргі өмірді және оның барлық эстетикалық маңызын, өзіндік ерекшелігін кеңінен қамтуға қабілетті өнердің түрі. Дұрыс таңдалған кино үзінділері қазақ тілі сабағында грамматикалық тақырыпты меңгертудің құралы ғана емес, оқушыларды жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға баулуда көрнекі құрал және тиімді әдіс болып табылады. Мақалада грамматикалық тақырыптарды игерту мен құндылықтарға баулуда кино материалдарын қолдану нақты мысалдар арқылы көрсетіледі.

Түйін сөздер: қазақ тілі, кино материалдары, оқу мақсаттары, ұлттық құндылықтар.

Аннотация. В статье рассматривается киноматериал как одно из средств реализации учебных целей. Кино – вид искусства в создании зрительных подвижных образов, способный широко охватить современную жизнь во всем ее эстетическом значении и своеобразии. Правильно подобранные фрагменты кино являются не только средством овладения грамматической темой на уроках казахского языка, но и наглядным пособием и эффективным методом приобщения учащихся к общечеловеческим и национальным ценностям. В статье на конкретных примерах анализируется использование киноматериалов в усвоении грамматических тем.

Ключевые слова: казахский язык, кино материалы, цели обучения, национальные ценности.

Abstract. The article considers the film material as one of the means of implementing educational goals. Film is an art form in the creation of visual moving images, capable of broadly embracing modern life in all its aesthetic significance and originality. Correctly selected fragments of the film are not only a means of mastering the grammatical topic in the Kazakh language lessons, but also a visual aid and an effective method of introducing students to universal and national values. The article analyzes the use of film materials in the assimilation of grammatical topics using specific examples.

Keywords: kazakh language, film materials, learning objectives, national values.

XXI ғасыр ақпараттық технологиялар заманы десек, жаңа цифрлық технологияларға негізделген білім беру үдерісі және заман талабына сай бәсекелестікке қабілетті, өз ойын ашық айтып, дәлелдей алатын, ұжымдық ортада толерантты, өзекті мәселелерді сыни тұрғыдан шеше алатын білікті де білімді, алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға даярлауды алға қоятын мақсат бүгінгі таңда білім берудің парадигмасын өзгертті.

Білім беру жүйесіндегі маңызды әрекет – оқыту. Осымен байланысты қазіргі кезде білім беру саласында жас ұрпақтың сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастыру ерекше мәнге ие болып келеді. Бүгінгі оқу үдерісінде атқарылып жатқан әрекеттер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, логикалық тапсырмалар ұсыну, теориялық білімді практикамен, оның ішінде шынайы өмірмен байланыстыруға ерекше мән беріп, олардың функционалдық сауаттылығын арттыруға қарай бағытталуда. Ал функционалды сауаттылық бәсекеге қабілетті болудың бір маңызды шарты болып табылады. Оқушының бәсекеге қабілеттілік деңгейі оның заман талаптарына бейімделу икемділігі, оқытудың жаңа бағыттары, технологиялары негізінде білімді игеруі, білімді өмірдегі түрлі жағдаяттарда қолдана алуымен анықталады. Өмірге қажетті білік-дағдыларды қалыптастыру оқу пәндерінің мазмұны бойынша құрастырылған тапсырмалардың мақсаты мен сапасына байланысты. Сондықтан оқушылардың әлеуметтік тұрғыдан қажетті оқу сауаттылығын қалыптастыру әдістемелерін дайындап, оқыту тәжірибесіне енгізудің маңызы зор. Бұл орайда көркем өнердің маңызды саласы болып табылатын кино білім берудің, патриоттық тәлім-тәрбие берудің, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды игертудің қуатты құралы болып табылады.

Аудиовизуалды оқыту құралдары әсерлі, айқын және көру-есту бейнелерінің ақпараттық құндылығының нәтижесінде оқыту сапасын арттырудағы тиімді құрал болып табылады. Оқу үдерісінде мақсатты түрде сұрыпталған кино материалын қолдану:

- оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- оқу материалдарын игертуде таптаурын болған әдіс-тәсілдерден арылудың бір жолы және білімді игертудің тиімді тәсілі ретінде ұсынылады;
- кино материалдарын қазақ тілінде қолдану арқылы тілдік және коммуникативтік құзіреттілік ғана емес, оқушылардың танымдық

кабілетін, эстетика туралы түсініктерін кеңейту, ұлттық құндылықтарға баулу сияқты кешенділік сипатымен ерекшеленеді.

XXI ғасырдағы ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы қоғамның түрлі саласында мультимедиялық құралдарды кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді. Технологиялық дамудың жаңа тенденцияларын қажетке жаратудан білім беру саласы да тыс қалмайды. Білім алушылардың бойында осы аталған қабілеттерді дарытуда оқу материалдары ретінде ақпараттық технологияларды қолдану өзіндік тиімділігімен ерекшеленеді. Бірінші кезекте ақпараттық технологияларды оқу үдерісінде қолдану бүгінгі білім алушылар өмір сүріп отырған заманның талаптарымен, қоғамдағы қажеттілікпен сәйкес келуінде болып табылады. Бұл ойымызды Клаус Швабтың мына бір пікірі айғақтай түседі: «Қазіргі қоғамның алдында тұрған алуан түрлі, күллі көкейкесті міндеттердің қатарындағы ең маңыздысы және өте өзектісі – бері айтқанда, адамзаттың мүлде қайта құрылуын көздейтін жаңа технологиялық революцияны саналы түрде түсініп, тиімді жүзеге асыру. Өйткені біз бүгін күнделікті тірлігімізді, жұмысымызды, әдепкі қарым-қатынасымызды түбегейлі өзгертетін сол алапат революцияның бастауында тұрмыз. Мен төртінші индустриялық революция деп санайтын бұл құбылыс ауқымы, көлемі мен күрделілігі жағынан адамзаттың бұрын-соңды басынан кешкендерінің ешқайсысына ұқсамайды» [1, 9]. Автордың бұл жалпы және әлемдік масштабтағы технологиялық өзгерістерге қатысты айтқан пікірі білім беру саласына да қатысты. Осы тұрғыдан келгенде, білім беру саласында цифрлық ақпараттық технологиялар мен өнімдерді қолдануды осы саланың ажырамас бөлігі деп санауға болады.

Оқу үдерісінде, әсіресе, тіл сабақтарында техникалық құралдарды қолдану және оларды қолданудағы артықшылықтары туралы әр кезеңдегі ғылыми әдістемелік және қолданбалы сипаттағы әдістемелік еңбектерде аз айтылып жүрген жоқ. Бұл саладағы зерттеулерді шартты түрде екіге топтастыруға болады:

1) ақпараттық коммуникациялық технологияларды білім беру үдерісінде, атап айтқанда шетел тілін оқыту барысында пайдалану және олардың дидактикалық қырларына қатысты теориялық мәселелердің зерттелуі;

2) ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолданудың жекелеген мәселелерді шешуге қатысты, атап айтқанда жазылым, тыңдалым дағдыларын қалыптастыруда пайдаланудың ерекшеліктеріне қатысты қарастырылуы.

Бірінші бағыттағы мәселелер Ю.П. Ажель [2], С.Е. Полат [3], В.С. Титова [4], Л.К. Раицкая [5] және т.б. еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Екінші бағыттағы, ақпараттық коммуникациялық технологияларды қолдану-дың жекелеген мәселелерді шешуге қатысты

еңбектерде тіл үйрету мәселесімен байланысты болып келеді. Тіл сабақтары, оның ішінде шетел тіліне үйрету сабақтарында техникалық құралдарды пайдалану бастапқы кездері тыңдалым әрекетіне қатысты аудиомәтіндерді тыңдатуға қатысты болып келді. Бұл орайда О.Г. Сычева [6], Н.И. Гездің [7] еңбектерін атап көрсетуге болады. Тіл сабақтарына техникалық құралдарды қолдануға қатысты келесі зерттеулердің шоғырын кино, видео материалдарды пайдалануға қатысты еңбектер құрайды. Мәселен, Л.И. Микрюкова [8] француз тіліне үйрету әдістемесіне қатысты өз пайымдауларын айта келе, видео материалдарды қолданудың тиімді жақтарын қарастырады. Осы бағыттағы зерттеулердің қатарына И.Н. Чопчицтің [9] жұмысын да жатқызуға болады. В.Л. Прокофьева «Методика создания учебных фильмов для формирования коммуникативной мотивации при обучении иноязычному общению» атты кандидаттық диссертациясында [10] және ғылыми монографиясында [11] видео материалдарды оқу үдерісінде тіл сабақтарында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың бір жол екендігін атап көрсетеді. В.Ш. Масленникова болса, кино материалдарын қолдану жайын тәрбие мәселесімен байланыстырады. Атап айтқанда, киноны жас жеткіншектерді толеранттылыққа тәрбиелеудің тиімді құралы ретінде зерттейді.

В.А. Писаренко отандық және шетелдік білім беру салаларындағы ұйымдастыру істеріне талдау жасай келе, қазіргі кездегі білім беру кезеңінде екі негізгі, дәстүрлі және инновациялық бағытты атайды. Дәстүрлі білім берудің негізгі мақсаты адамзаттың жинақталған білімі мен тәжірибесін ары қарай түрлі әрекетте қолдану мақсатында «тасымалдау» болып табылады.

Инновациялық білім беру туралы ғалым В.А. Писаренко былай деп жазады: «Инновационное образование опирается на учет реальных перемен в характере общественных требований к личности и изменившейся роли личности в общественном развитии. Цель современного инновационного образования состоит в развитии тех способностей личности, которые необходимы ей самой и обществу, в сохранении и развитии творческого потенциала личности, включении личности в социально-ценностную активность, а также в обеспечении возможности эффективной самореализации» [12]. Инновациялық тенденциялардың пайда болуы білім берудің барлық звеноларына тән және бұл білім берудің мазмұнының өзгеруінен ғана емес, оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа түрлерінен де көрінеді. В.А.Писаренконьң пайымдауынша, коммуникативтік әдіс шеңберінде қарастырылатын коммуникативтік құзіреттілік тілдік құзіреттілік, сөйлеу және әлеуметтік мәдени құзіреттіліктерді қамтиды және солардың негізінде ғана қалыптасады.

Оқу үдерісінде пайдаланылатын кино материалдарын басқаша аудиовизуалды материал деп атауға болады.

Аудиовизуалды оқыту әдісі – тілді көру және естуге арналған көрнекілік құралдарды қарқынды түрде пайдалана отырып, күнделікті тұрмыста қарым-қатынас жасау кезінде қолданылатын шектеулі лексика-грамматикалық материалды көбіне ауызша түрде қысқа ғана мерзімде үйрету тәсілі [13, 14].

Жалпы кино материалдарын оқу үдерісінде пайдаланудың тиімді тұстары туралы зерттеушілердің келтірген тұжырымдарын жинақтап көрсетер болсақ:

- оқушының қызығушылығымен байланысты;
- айтылған, оқыған деректерден гөрі, көрген нәрсенің есте жақсы сақталатыны;
- фильмдерді сабақта пайдалану, оқушылардың сөздік қорын жетілдіруге септігін тигізеді;
- кино фильмдер негізінде құрастырылған тапсырмалар оқушының сыни ойлау қабілетін дамытуға оң ықпал етеді;
- фактілермен айту, дәлел келтіру, бағалау сынды ойлау деңгейінің түрлі сатыларындағы тапсырмаларды орындау арқылы айтылым дағдыларын дамытады, шешен сөйлеудің талаптарын игеруге машықтанады;
- жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды баулуда кино материалдар тиімді құрал бола алады;
- кино – өнер туындысы, сол себепті кино материалдарын сабақта пайдалану арқылы оқушының эстетикалық талғамын қалыптастыруға болады.

Жалпы кино материалдарын сабақта пайдаланудың тиімділігі кино өнерінің өзіндік ерекшелігімен байланысты.

Кино – көрнекі қозғалмалы бейнелер жасауымен қазіргі өмірді және оның барлық эстетикалық маңызын, өзіндік ерекшелігін кеңінен қамтуға қабілеті арқылы театрдан, әдебиеттен, кескіндемеден де асып түсетін өнер.

Кино – дәуір көрінісін, тынысын береді, ол уақыттың бейнелілік құралы ретінде пайдаланыла отырып, оқиғалардың өзіндік ішкі логикасында ұшқыр түрде ауысатынын көрсетуге қабілетті [14, 168].

Кино – синкретті өнер. Кинобейнеге оның құрамдас бөліктері ретінде әдебиет, кескіндеме, театр енеді. Таратып айтар болсақ, әдебиеттен сценарий, ән мәтіні; кескіндеме өнерінен мультфильм, калыпты фильмдегі декорациялар, бастысы – бейнелеу өнерінің колористік және композициялық тәжірибесі қамтылады. Сонымен қатар, театрмен байланысын алар болсақ, киноактерлердің театрдағы актерлер жұмысынан түбегейлі айырмашылық бар, соған қарамастан театрлық

дәстүрге негізделетін және соған сүйенетін ойын. Міне, осындай бірнеше өнер түрінің басын тоғыстыратын кино материалдарын қазақ тілі сабағында қолдана отырып, оқушыларды жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеуге болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетіне берген «Еліміз бұл қиындықтан шыңдалып шығады» атты сұхбатында: «Жаңа сынаққа төтеп беру үшін, ең алдымен, ұлттық құндылықтарды қорғай білген жөн. Ана тілімізді, салт-дәстүрімізді, ұлттық сана-сезімді, қоғамдағы татулық пен келісімді, береке-бірлікті сақтай алмасақ, келер ұрпақ бізді кешірмейді. Әсіресе, мемлекеттік тілдің мәселесі өте маңызды. Тіл – ұлттың тұғыры, ұрпақтың ғұмыры. Қазақ тілі қазақты әлемге таныта алады. Халықтың тілі – халықтың төлқұжаты. Мұны әрдайым есте ұстау керек. Біле білсек, ұлттық қауіпсіздік тілімізді қадірлеуден басталады» [15]. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, халықтың тілі ұлттың төлқұжаты, тіл – ұлттың тұғыры десек, тілді және ұлттық құндылықтарды сақтап қана қоймай, болашақ ұрпаққа аман етіп табыстау үшін бүгінгі ұрпақты онымен сусындату кезек күттірмейтін мәселе болып табылады. Осындай ұлттық құндылықтарды игертудің бір құралы ретінде қазақ тілі сабағында кино материалдарын пайдалану арқылы тілдік материалмен сабақтастырыла қарастыруға болатын мәселе – ұлттық құндылықтарға баулу.

Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтар бір этностық топқа тиесілі адамдардың мінез-құлқының әлеуметтік және нормативтік-мәдени аксиомасы ретін атқарады. Еліміздегі жалпы орта білім беру мақсаттары ұлттық болмысқа сай қалыптасқан, құндылық түсінігіне не жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар қарым-қатынастардан, қоғамнан тыс жеке-дара қалыптаспайды. Зерттеушілердің пайымдауынша, ұлттық сезім – ерекше әлеуметтік-психологиялық құбылыс, ол сыртқы әсерлерге тез бой алдырып отырады [16].

Жеке тұлғаның ұлттық сезімін тәрбиелеу айналасындағы ортада қалыптасқан, олар үшін өмірлік қағида болып табылатын белгілі бір құндылықтармен толықтыру арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда қазақ тілін оқытуда оқушыға лингвистикалық білім беріп қана қоймай, білім беру жүйесінің басты міндеті – жеке тұлғаның ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қалыптасуы мен дамуына жағдай жасап, балаға білім беруде ана тілін, ұлттық салт-дәстүрлерді сақтау сияқты әдістемелік негізде оқыту үдерісін жүргізу болып табылады. Бұл орайда қазақ тілі сабағында кино материалдарын лингвистикалық білім берудегі көрнекі құралдың бірі ретінде тани отырып, кино өнерінің туындысындағы жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға оқушыларды баулу маңызды болып

табылады. Өйткені әл-Фарабидің сөзімен айтқанда, «тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» болып саналады. Мақалада қазақ тілі бойынша жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу мақсаттары игертуде көрнекілік ретінде алатын кино материалдарымыз – «Құнанбай» фильмі және «Менің атым Қожа» фильмінен үзінділер.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша «Қазақ тілі» 5- сынып бағдарламасының мазмұнында берілген лексикалық тақырып, грамматикалық тақырыптарды кестеге түсіре отырып, ол тақырыптарды меңгертуде қолданылатын жоғарыда аталған фильмдерден алынған фрагменттер арқылы ұлттық құндылықтарды оқушыға қалай дәріптеуге, бойына дарытуға болатындығын алдымен жинақы түрде кестеге салып көрсетеміз. Содан кейін фильмдерден келтірілген үзінді беріп, соның негізінде құрастырылған тапсырмаларды ұсынып, алға қойған мақсаттарға жетудің тетіктерін көрсетеміз.

Кесте 1. Оқу бағдарламасы мен кино материалдарын сабақтастыру

5-сынып, «Қазақ тілі» пәні					
№	Лексикалық тақырыптар	Грамматикалық тақырып	Кино материал	Құндылықтар	Алдыңғы білім (грамматика)
1	Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Адамның сыртқы	Сөз және оның мағынасы. Сын есім. Сын есімнің	«Құнанбай» фильмі	Қамқорлық,	Кірме сөздер: <i>Сәжде (-ге басы тигеу); нақақ; тілектес болу</i>

	келбеті мен мінезі.	мағыналық түрлері. Сын есімнің шырайлары.		сыйластық, анаға құрмет;	Кенесу, ойын бөлісу
				үлгі болу, тектілік;	Синонимдер: аян (болу), тізгін ұстау; мін; жалтақ; жұрт
2		Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері. Диалогте одағай, қыстырма, қаратпа сөздерді қолдану	«Құнанбай» фильмі	Амандасу әдебі.	Синонимдер: есенсің бе? Ат-көлік аман ба? Бақуаттысыз ба?
				Қонақты қарсы алу.	Бейвербальді амалдар

				Көңіл айту.	Қайыр береке берсін, жатқан жері жарық болсын
3			«Менің атым Қожа» фильмі	Өтірік айтпау	Диалект сөздер: майда (ұсақ ақша);
				Ар, намыс	Ауызекі сөйлеу элементтері: қант алғыш

Т.К. Бурбаев қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын менталитеттің негізгі архетиптері ретінде *төзімділік, тектілік, ақылдылық, тарылмау, жатсынбау, кеңдік, аруақты құрметтеу, тәубешілдік, рақымшылық, сөзге тоқтау, сөздің қадірін түсіну, үлкенге құрмет, ата-ананы сыйлау, бірлік, қонақжайлық, ар-намыс, ұжымдық мүддені жеке мүддеден жоғары қою т.б.* [17] сапалық белгілерді атап көрсетеді. Көрсетілген сапалық белгілер күні бүгінге дейін ұлттық келбетті тану және таныту қызметін атқарып келе жатқаны белгілі. Дәл осы қасиеттер, құндылықтар «Құнанбай» фильмінде ерекше сипатталады. Мысалы, фильмдегі мына бір үзіндіге назар аударайық:

Зере: *Не істемек ойың бар балам?*

Құнанбай: *Шеше, мен бұл екі адамға барынша тілектес болдым. Бірақ, барлығы да рас болып шықты. Жалпақ жұртқа аян болып отыр... Бұл елді қалай билемек керек? Аталарымның бәрі би болған, міне, өзім де тізгін ұстап отырмын. Бірақ, осы қазақтың жұмбағын шеше алатын емеспін! Сәждеге басы тимеген асау ел. Кеше алмаған жасауы, бітірмеген дауы қалмаған қазақ еді. Енді міне, алапаты қайтқан, базары тарқазған. Буыннан алған дерт ақыр соңында қолқа жүрекке қиянат болып жетті. Бос ұстасаң, қамыстың сабағындай қолыңды кеседі, бетімен кетеді; күшке салсаң, басыңды жұтып тынасың. Не жөн сөзге, не тізеге көнбейтін бұл елге енді Тәңірінің тезі керек сияқты-ау.*

Зере: *Мен қайдан білейін, қалқам?! Бұл қазақ – тізгін ұстағанға қарап салтын түзейтін ел. Жүріс-тұрысыңнан халқың мін таптайтын болсын. Әділетіңді көріп, дүшпаныңның өзі сыртыңнан қайран қалып*

сүйініп тұрсын! Осындай үлгі болсаң, сөзің де өтімді болады. Менің бар білетінім осы. Біреудің нақақ қанын арқалама, қарағым!

Талдау. Фильмнен алынған осы бір үзіндіні оқу бағдарламасына сәйкес лексикология бойынша **кірме сөздер, сөздердің ауыспалы мағыналары** туралы грамматикалық тақырыптарды меңгертуде қосымша материал ретінде беруге болады және грамматикалық тақырыптарға қосымша тапсырмалар ретінде ұсынылған кино материалдарын оқушыларды құндылыққа баулу, тәрбие мәселесімен байланыстыруда негізгі материал ретінде алуға болады. Бұл келтірілген үзіндіде Құнанбай бейнесі арқылы көрініс тапқан отбасылық құндылық, оның ішінде елді билеп отырған аға сұлтан Құнанбайдың анасына деген құрметі мен онымен кенесі, ақылдасу сәті көрініс тапқан. Мұны Құнанбайдың риторикалық сұрауынан байқаймыз. Мысалы: *Шеше, мен бұл екі адамға барынша тілектес болдым. Бірақ, барлығы да рас болып шықты. Жалпақ жұртқа аян болып отыр... Бұл елді қалай билемек керек? Өзі сауал қоя тұра, сол сауалына өзі жауап айтады.*

Жалпыадамзаттық құндылық саналатын әділдік, әділ болу, ел басқарушы адамның басқаға үлгі болатыны ананың сөзімен беріледі. Мысалы:

Бұл қазақ – тізгін ұстағанға қарап салтын түзейтін ел. Жүріс-тұрысыңнан халқың мін таптайтын болсын. Әділетіңді көріп, дұшпаныңның өзі сыртыңнан қайран қалып сүйініп тұрсын! Осындай үлгі болсаң, сөзің де өтімді болады. Менің бар білетінім осы. Зере әженің аузымен айтылған осы сөздерде ұлтың болмысы, менталитеті де көрсетілген. Ол сөйлем: Қазақ – тізгін ұстағанға қарап салтын түзейтін ел. Осы шағын ана мен бала, ана мен ел басқарушы аға сұлтан, ана мен тұлға арасындағы сұқбаттан мынадай құндылықтарды байқаймыз: қамқорлық; әділдік; үлгі болу; тілекші болу; ана мен бала арасындағы отбасылық, туыстық қатынастан да жоғары тұрған өзара кеңесу. Мысалы:

Барақ. *Ассалаумағалейкум!*

Құнанбай. *Уағалайқумәссалам. Ат-көлік аман жеттің бе?*

Барақ. *Есенсің бе, Құнанбай? Жауға баратындай жасанып алыпсың зой.*

Зере әже. *Кел, қарағым! Сен де менің ұлымсың! Екеуің тату болсаңдар, қатын жесір, бала жетім қалмас еді зой.*

Барақ. *Зере әже, бақуаттысыз ба?*

Зере әже. *Шүкір.*

Барақтың көңіл айтуы. *Өскенбай атамыздың жатқан жері жарық болсын! Артындағы жұртына қайыр-береке берсін!*

Зере әже. *Әмин, айтқаның келсін, қарағым!*

Талдау. Қазақ халқының мәдениетінде амандасу әдебіне үлкен мән беріледі. Өйткені қарым-қатынастың ары қарай қандай сипатта өтетіндігі осы алғашқы амандық сұрасудан басталады. Бұл эпизодты

балаларға 5-сыныптың «Адамның сыртқы келбеті мен мінезі» атты тақырыпты және грамматикадан сын есімдерді өткен кезде оқушыларға көрсетуге болады. Кинодан алынған бкл үзіндіні екі мақсатта пайдалануға жарамды:

1) *грамматикалық тақырыпты меңгерту*, тапсырма орындату. Яғни Құнанбай мен барактың, Зере әженің сыртқы бейнесін, келбетін, киімдерін сын есімдерді падалана отырып сипаттату;

2) *ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу, баулу*. Бұл шағын кино үзіндісінен амандасуға қатысты бірнеше маңызды жайларды аңғаруға болады. Олар: қонақты алдынан шығып қарсы алу әдебі; ер адамдардың амандасу әдебі, ерекшеліктері; амандасуға қатысты қолданылатын тіл бірліктері және олардың мән-мағынасы; амандасуда қолданылатын бейвербальді амалдар және олардың мәні. Осы санамалап көрсетілгендердің бәрі де біріншіден, амандасу мәдениетіне қатысты ұлттық ерекшеліктерді тануға көмектеседі. Жоғарыда көрсетілген әр пункт бойынша сұрақтар қоя отырып немесе әр әрекет пен кейіпкерлер тарапынан айтылған сөздерді талдай отырып, оқушылардың сөйлеу әдебі, тіл байлығы және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға болады.

Қазақта сәлем беру барысында қолданылатын *тіл бірліктері*: *Амансыз ба? Сәлеметсіз бе? Аман-есенсіз бе? Аман-саумысыз? Бала-шағаңыз аман ба? Мал-жан аман ба? Ассалаумағалейкум! Ат-көлік аман ба?*

Сәлемдескенде қолданылатын *бейвербальді амалдар*: амандасушы адам, көбінесе, оң қолымен сол жақ төсін (жүрек тұсын) басып, бас иіп, ізет-ілтипат көрсетеді; қалыптасқан дәстүр бойынша амандасушылар қол алысады;

ұзақ көріспегендер адамдар қауышып, құшақтасып амандасады. Осы әрекеттердің барлығы да жоғарды келтірілген кино үзіндісінде қамтылған.

Осы кино үзіндідегі тағы бір ерекше назар аударуды қажет ететін тұс - *Барактың көңіл айтуы*. Қазаға көңіл айта – парыз. Бұл әрекеттен ұлттың болмысына тән ізеттілікті байқауға болады. Барактың Құнанбайға айтқан әзілі (*Жауға баратындай жасанып алытсың зой*) арқылы оның құрдасының көңілін көтеріп, санасын серпілтуді көздегені байқалады.

Келесі кезекте «**Менің атым Қожа**» фильмінен алынған үзінділерді қарастырып көрейік.

Майқанова: *Кезекке тұр.*

Қожа: *Мен қант аламын.*

Майқанова: *Шын ба?*

Дүкенші: *Саған не керек?*

Қожа: *жарты кило қант аламын.*

Дүкенші: *39 тиын.*

Мысалы:

Қожа: *Дәптер беріңізші?*

Дүкенші: Шуламаңдар балалар. Мә.. Майданды ал, ал саған не керек?

Дүкеннен шыққан соң:

Мысалы:

Майқанова: Қант алғышым, нешінші класта оқисың?

Қожа: Он үшінші класта.

Қыз: 5-те оқиды.

Майқанова: Ах-ха, бесіншіде ме? Аты-жөнің кім?

Қожа: Чингаш Гук.

Майқанова: Тынышталыңдар балалар! Олай болса Чингаш Гук, мен сенің жаңадан келген класс жетекшің боламын. Ұқтың ба? Ал енді бара бер.

Бұл үзінділерден Қожаның әрекетіне баға бере отырып, өтірік айтпауға, тәртіпті сақтауға қатысты үлкен мен кішіге, жас пен қартқа бірдей маңызды болып саналатын адамзаттық құндылықтарды Қожаның балаң әрекеттері арқылы оқушыларға пікірталас ретінде ұсына отырып, қорытынды шығартуға болады. Ал лингвистикалық біліммен байланыстыратын болсақ, *дилект сөздер, ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері, диалогте қаратпа сөздерді, одағай сөздерді, қыстырма сөздерді қолдану, төл сөз бен автор сөзі және олардың орналасу тәртібі.*

Сонымен, қазақ тілі сабағында кино материалдарын қолдану арқылы грамматикалық тақырыптарды меңгертуге, грамматиканы бекітуге арналған тапсырмалар құрыстыруға қолдануға болады. Сондай-ақ, кино материалдарын оқу үдерісінде тілдік біліммен қатар, құндылықтарға баулуда мақсатқа сай құрал ретінде қолдануға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Клаус Шваб. Төртінші индустриялық революция. –Астана: Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 200 б.
- 2 Ажель Ю.П. Использование технологий ВЕБ 2.0 в преподавании иностранных языков. Молодой ученый. -2012. -№ 6 (41). –С. 369-371. URL: <https://moluch.ru/archive/41/4967/>.
- 3 Полат С.Е. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. –Москва: Издательский центр «Академия», 2002. - 272 с.
- 4 Титова В.С. Цифровые технологии в языковом обучении: теория и практика. –Москва: Издательство «Эдитус», 2017.
- 5 Раицкая Л.К. Дидактические и психологические основы применения технологий Веб 2.0. в высшем профессиональном образовании. Монография. -Москва: МГОУ, 2011. -173 с.

- 6 Сычева О.Г. Влияние качества дикции на аудирование. Сборник статей «Методика преподавания иностранных языков в вузе». Том 3. – Москва, 1973. – 64-69.
- 7 Гез Н.И. Обучение аудированию: текст лекций по курсу «Методика обучения иностранным языкам». – Москва, 1982.
- 8 Микрюкова Л.И. Использование видео при обучении иностранным языкам (из опыта преподавания французского языка). Язык и литература: электронный журнал факультета романно-германской филологии Тюменского государственного университета. - 2004. №19.
- 9 Чопчиц И.Н. Использование видео на уроках иностранного языка. Журнал «Наука и образование: инновации, интеграция и развитие». -2015, № 1(2). - С.170-172.
- 10 Прокофьева В.Л. Волшебная сила кино-, видеофильма в формировании мотивации к иноязычному общению. – Липецк: ЛЭГИ, 2006. – 163 с.
- 11 Прокофьева В.Л. Методика создания учебных фильмов для формирования коммуникативной мотивации при обучении иноязычному общению: автореферат диссертации кандидата педагогических наук: 13.00.02. – Москва: Государственный педагогический университет, 1991. - 16 с.
- 12 Писарева В.Е. Методика использования видеоматериалов в обучении второму иностранному языку: на материале французского языка не языковом вузе. Диссертация кандидата педагогических наук. -Таганрог, 2002. - 181 с.
- 13 Кеңесова А., Жұмағұлова А. Әдіскер анықтамалығы. –Астана: Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру әдістемелік орталығы, 2016. – 195 б.
- 14 Борев Ю.Б. Эстетика. –Нұр-Сұлтан: Ұлттық аударма бюросы, 2020. – 408 б.
- 15 Тоқаев Қасым-Жомарт. «Еліміз бұл қиындықтан шыңдалып шығады» атты сұхбаты. «Егемен Қазақстан» газеті, 05 мамыр, 2021 жыл.
- 16 Агаев А.Г. Национология: Проблемы конструирования// Философские науки, 1991, №5, С.7-11.
- 17 Бурбаев Т. Ұлт менталитеті. Монография. –Астана: Елорда, 2001. – 244 б.